

« Кеңес негізгі жалпы білім беру мектебі» ММ бойынша

2020-2021 оқу жылының талдауы

2020-2021 оқу жылында 1-9сыныптар бес күндік жұмыс тәртібімен бір ауысымда оқыды. Мектепте оқушылар контингенті 45 оқушыны құрады. Төменде көрсетілген ретпен белгіленді.

-бастауыш сатыда-22 оқушы,

-орта буында 23 оқушы білім алды.

Оқушылар контингентінің өткен оқу жылымен салыстырғанда мектеп бойынша бір қалыпта. Оқу жылында 6 сынып копплектісі болды.

Оқушылардың міндетті білім алу үшін барлық жағдайлардың жасалуы мектеп әкімшілігінің бақылауында болды. Мұғалімдер қосымша сабақтар жүргізіп, оқушылардың дарындылығын анықтап және үлгермейтін оқушылармен жұмыс жасалды.

Мектепте білім беру мемлекеттік стандарт іске асырылды. Білім сапасын көтеру үшін әр түрлі жұмыстар жүргізілді. Мектепте негізгі қызметкерлер саны-14. Қоса атқарушы қызметкерлер саны-3. Мектеп мұғалімдерінің білімі және санаттарына қарай жіктелуі:

Білімі бойынша

№	Жалпы саны	Жоғары	Орта арнаулы	Жалпы орта
1	14	12	2	0



Санаты бойынша

№	Жалпы саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог
1	14	1	4	3	6

Биылғы оқу жылында екі мұғалім жаңа формата аттестациядан санатын көтерді. Педагог сарапшы -2, педагог модератор-2.

Мектеп туралы. Мектеп 1этажды, мектеп ғимараты типтік емес. Мектепте екі спортзал, 30 балаға арналған асхана, кітапхана, 6 оқу кабинеті, 1 информатика кабинеті бар, бір компьютерге 4 бала келеді және медбике бөлмесі бар. Мектеп жұмысы бір ауысымда жұмыс істейді. Мектеп оқушылары 100 пайыз ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Жаппай білім беру қорынан -12 бала тамақтанса, «Келешек» акциясы бойынша -29 бала тамақтанды. Оқушылар кесте бойынша тамақтандырылды. Сонымен қатар түстен кейінгі уақыттарда кесте бойынша үйірме, секция, апталықтар, мерекелік іс-шаралар жұмыстары жүргізілді.

1. Білім беру саласы бойынша мемлекеттік Заңдар мен нормативтік құжаттарды орындауға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру негізінде жүргізілген жұмыстар .

Әр оқушының сапалы білім алуларына толығымен мектеп тарапынан жағдайлар жасалды. Жасы келген оқушылар толығымен оқумен қамтамасыз етілді. Аудандық білім беру бөлімінің бұйрығы негізінде жылына екі рет жаппай білім беру айлығы өткізілді. Айлық шеңберінде ұстаздар мөлтекаудандарды аралап жасөспірімдер тізімін анықтады. Мектеп бойынша статусы бар оқушылар анықталып, жаппай білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Жаппай білім беру қорына кірмейтін оқушыларға «Келешек» акциясы ұйымдастырылып 100 пайыз ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Жоспар бойынша іс-шаралар жүргізілді. Оқушылардың сабаққа қатысулары жөнінде күнделікті қадағаланып отырылды. Келген, кеткен оқушылар тізімі әліп би кітабына еңгізіліп, алынып отырылды. Мұқтажы нашар балаларға мектеп қызметкерлері тарапынан оқу құралдары тапсырылды.

«Тілдер туралы» заңның орындалу барысында мектепте қыркүйек айында тілдер мерекесіне қатысты «Тілім менің тірлігімнің айғағы» атты тақырыбында айлық жоспар бойынша шеңбер өткізілді. Жыл бойы әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қазақ тілі апталығында «Тілімізді құрметтейік» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мектеп қызметкерлері жылына екі рет мемлекеттік тілдегі басылымдарға жазылады. Кітапханада «Тіл туралы» Заңына қатысты әдебиет көрмесі ұйымдастырылды. Өзге ұлт оқушыларының арасында «Тіл – барлық білімнің кілті» атты байқау өткізілді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау және нығайту үшін оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында әр түрлі іс-шаралар өткізілді. Оқушылар мен ата-аналар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысының жаңа

тетіктерін табу, мектеп алаңын көгалдандыруды жалғастыру, Денсаулық күндерін өткізу барысында ата-аналарды да қатыстыру, Әрбір пән бала денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау. Мектепте үлкен үзіліс кезінде әр түрлі ойындар, жаттығулар, күнде таңертең 1-ші сабаққа дейін жаттығулар және сабақ үстінде сергіту сәті өткізіледі. 4,7,9-сыныптарда президенттік тест өткізілді. Өскелең буынның бүгінгі денсаулығы – ертеңгі Егеменді Қазақстан болашағы ұстанымын ұстап тәрбиелік сағаттары өткізілді. АҚТҚ, ЖҚТБ-ға алдын алу мақсатында іс-шаралар, дөңгелек үстел өткізілді. «Салауатты қалыптастыру – салауатты тамақтану» тақырыбында медбиби ашық тәрбие сағатын өткізді. Жылына төрт рет оқушылардың денсаулықтарын нығайту мақсатында «Денсаулық күн» ұйымдастырылды.

Мұғалімдер мен оқушылардың компьютерлік сауаттылығын арттыру арттыру жұмыстары жасалды. Мұғалімдер сабақтарда электрондық оқулықтарды жиі қолданады. Компьютер арқылы оқушылар тест жұмыстарын орындайды. «Жас информатик» үйірмесі жүргізілді. «Информатикадан үйренеріміз көп» атты тақырыпта пән апталығы өткізілді.

Мектеп құжаттары жалпы талапқа сай жүргізіледі. ҚР Білім және ғылым министрлігінің №19 және №502 бұйрықтары негізінде мектеп іс-қағаздары жүргізіледі. Әліп би кітабы, оқушылардың жеке іс-қағаздары, негізгі мектепті бітіргені туралы куәліктерін есепке алу, келген, кеткен оқушыларды тіркеу, мақтау қағаздарын тіркеу кітабы үнемі әкімшілік тарапынан тексеріліп отырылады.

Мектептің даму бағдарламасы 2018-2023 жылдарға арналып «Этномәдени білім беру және тәрбиелеу- оқушыларға білім беру сапасын арттыру факторі ретінде» тақырыппен құрастырылды.

2. Педагогикалық мамандармен жұмыс. Біліктілік арттыру жұмыстары курстан өткізу, өзіндік білім көтеру және аттестациялау мәселелерін қамтиды. 2020-2021 оқу жылында мектептегі 14 мұғалімнің 5-еуі өз білімін жетілдіру курстарында өз білімдерін арттыруға мүмкіндік алды. Өз біліктілік санаттарын 2 мұғалім жаңа форматта санаттарын алды. Сондай-ақ, төрт мұғалім жаңартылған бағдарлама шеңберінде курстан өтті. Жалпы мектеп бойынша тоғыз мұғалім жаңартылған бағдарлама негізінде курстан өтті. Сонымен қатар, деңгейлік курстарға нәтижесі бар мұғалімдердің мінездемелері тапсырылды. Курстан өту ойдағыдай өтілуде.

Әдістемелік жұмыс. Оқушылар үлгерімінің көрсеткіштері

Төмендегідей оқушылардың білім сапалары анықталды.

2020-2021 оқу жылында бастауыш сатыда «4» пен «5»-ке оқитын оқушылар саны-13. Негізгі сатыда-9

Негізгі сатыда- 34 пайызды құрайды.


Ең жоғарғы көрсеткіш- 6,4 сынып -75 пайыз.

Ең төмен көрсеткіш- 8 сынып-25 пайыз

Жалпы мектеп бойынша-55 пайызды құрайды. Мектептің білім сапасы былтырғы оқу жылына қарағанда артқаны байқалады. Биыл мектепті-4 оқушы үздік аяқтады.

Сыныптардың білім сапасы

№	Сынып	Саны	Үлгерімі	Сапасы
1	1	5	100	60
2	2	4	100	25
3	3	4	100	75
4	4	4	100	75
5	5	6	100	40
6	6	7	100	42
7	8	4	100	25
8	9	6	100	33



Мектеп бойынша ең жоғары пән: Дүниежүзі тарихы-76 пайыз,
Ең төмен пән: биология-42 пайызды құрайды.

Мектеп бойынша әрбір сыныптан негізгі пәндерден әкімшілік бақылау жұмыстары жүргізіліп отырды. Сонымен қатар оқу жылының аяғында 4-сынып оқушыларынан орта буын сабақтастығы тексерілді.

Жас мамандармен жұмыс . 2020-2021 оқу жылында біздің мектебіміз 2 жас маманмен толықты. Даярлық топ мұғалімі- Қаппас М.С., Психолог –Сыздыкова А.Ж. Жас маманның келуіне біздің мектепте барлық жағдай жасалады. жас мамандармен алғашқы танысу өтілді. Сонымен қатар «Жас ұстаз» мектебі жұмыс істеді. Жас мамандарға арнайы тәлімгерлер тағайындалды. Жоспар бойынша жылына бес рет отырыс өткізілді. Жас мамандарға арнайы сауалдар қойылып, қиындық тұстары анықталып, мұғалімдер тарапынан көмек көрсетілді. Жұмыстың бірінші жылынан бастап тәжірибелі ұстаз жана бастап келе жатқан ұстазды өзінің педагогикалық әрекеттерінің бағасына қызықтырады, сыныптан

тыс іс-шараларға қатыстырады. Сондай-ақ биыл біздің мектебімізге келген жас мамандар өте білімді,білікті ұстаздар.Жас мамандар жыл бойы оқушыларға сапалы білім берумен қатар мектептің қоғамдық іс-шараларына да оқушыларды дайындады.

Сергазинова Багила Жумабаевна аудан бойынша мұғалімдер арасындағы пән олимпиадасына қатысып,екінші орынға ие болды.Сондай-ақ, Уалихан Г. және Сергазинова Багила Жумабаевна «Дарынды оқушыларға –талантты ұстаз» аудандық конкурсына қатысып, облысқа жолдама алды.

Мектепалды даярлық топ. Жылда мектепалды даярлық топ бұйрық бойынша ашылады. Биыл бес оқушы білім алды.Тәрбиешісі-Қаппас М.. Тәрбиеші оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жасады.Мектеп оқушыларынан қалыспай әр түрлі марафондарға қатысты. «Бүлдіршін» сайысына қатысып жүлделі орындарға ие болды.Даярлық топ оқушыларының білімдері жақсы.барлығы оқи алады,жазады. Келесі оқу жылына дайын

Шағын орталық мектеп жанында «Бүлдіршін шағын орталығы жұмыс істейді.Шағын орталықта 10-бала тәрбиеленді.

Кеңес негізгі жалпы білім беру мектебінің жанындағы «Бүлдіршін» шағын орталығының 2020-2021 жылғы жұмысына талдауы. Шағын орталықта бүгінгі таңда 10 бала бар. Балалардың қабілеттері, жұмысқа икемдері бар. Қыркүйек айынан бастап келесі іс-шаралар өткізілді. «Алтын күз» мерекесі. Бұл іс шараға ата-аналар белсенді қызығушылығымен қатысты. Шағын орталығының бүлдіршіндері келесі нөмірлерді көрсетті: Бүлдіршіндер «Күздің сыйлықтары» атты сахналық көрініс көрмесін ұйымдастырды. Өзінің биімен ата-аналарды таңқалдырды. «Күз ханшайымы» сайысы бойынша аруларға атақтар берілді, бастарына корона кигізілді. **«Тәуелсіздік- ел тірегі»**

«Тәуелсіздік- ел тірегі» атты іс-шара мектеп ішінде өткізілді. Балалар тәуелсіздік күніне арналған іс-шарада Қазақстанның рәміздерін атап, әнұранын шырқады. Бұл іс-шараның мақсаты: балалардың Қазақстан – өз Әнұраны, Елтаңбасы, Туы бар екені, мемлекетіміз деген ұғымын қалыптастыру және оны сүю, қорғау осы қоғамда өмір сүріп жатқан барша адамның міндеті екенін түсіндіру.

«Қош келдің Жаңа жыл!» мерекесіне өте қызықты іс-шара өткізілді. Балалар сахнада «Жеті лақ» орыс халық ертегісін қойды. Сонымен бірге «Шырша жыры» әнін шырқады. Қыздарымыз Аяз атаға «Шырша» биін сыйға тартты.

8 наурыз мерекесіне «Аялайық ананы» деген тәрбие сағаты өтті. Балалар өз аналарына сүйспеншілігін өлең, тақпақ айтып, сыйлық

жасап білдірді. Анамыз деген біздің көңіліміз, мейіріміміз ұшан – теңіз. Анамыздың көңілі шат, жүзі жарқын, дені сау болуын әр қашан деген тілекпен мереке соңында «Әр қашан күн сөнбесін» әні орындалды.

«Жыл басы-Наурыз» ұлттық мерекесінде «Наурыз көктем» әнімен ата-аналарды таңқалдырды. Шағын орталықтағы барлық балалар қандай іс-шара болсын қуана – қуана қатысады. Барлық іс-шаралар санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып өткізілді.

Енді сабақ жағына келетін болсақ 2020-2021 оқу- жылында «Таным» саласы бойынша, математика пәнінен «1 саны мен 5 саны» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Ашық сабаққа ата-аналар, мектеп ұстаздары шақырылды. Сабақ өту барысында балалардың қабілеттері, шығармашылықтары байқалды. Ең алдымен балаларға 1 саны мен 5 саны көрсетілді, әр бір бала өз санын тақпақ ретінде айтып, атап, танып берді. Суреттер бойынша сандарды өздері анықтады. Одан кейін, олардың қолдарына сандар таратылды. Балалардың әр қайсысы сол сандарды санап берді. Сабақ өз мақсатына жетіп, ата-аналар ризашылықтарын білдірді.

«Бүлдіршін» шағын орталығында сағат 8.00 балаларды медбике қабылдап алады. Таңғы астан кейін сабақ кестесі бойынша сабақтар өтіледі. Сабақтардан кейін бүлдіршіндер далаға серуендеуге шығады. Далада қозғалмалы ойындарды ойнайды. Мысалы: «Ақсерек пен көксерек», «Аңшылар мен үйректер» т.б.Тәтті ұйқыдан кейін балалармен дидактикалық, сюжеттік, мазмұнды ойындар ойнатылады.

Әдістемелік бірлестік жұмысы. Мектепте үш әдістемелік бірлестік жұмыс істеді.

- 1.Бастауыш сынып мұғалімдерінің жетекшісі-Кавыш Е.
- 2.Нақты ғылымдар мұғалімдерінің жетекшісі-Тусэвхаан Г.
- 3.Тіл мамандары мұғалімдерінің жетекшісі-Карамбаева А.Н.

Жыл бойы бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің алдына қойған басты мақсаттары:


1. Білім сапасын көтеру мақсатында сабақ барысында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану.
 2. Сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыруға негіз жасау.
 3. Әрбір мұғалімнің өз сабағында жаңа ақпараттық техноллогиялар мүмкіндігін пайдалана білу іскерліктерін шындау. Өз білімін жетілдіру курстарын өту.
- Әдістемелік бірлестік мұғалімдері жыл бойы өзара тәжірибе алмасу мақсатында сыныптан тыс іс-шараларға, интербелсенді тақта мүмкіндіктерін пайдаланып өткізілген сабақтарға қатысып отырды.

Үздік бітірген оқушылар: Зинеденова Катира-5сынып, Молдахметов Алихан - 2сынып, Кайрулла Жансел -2сынып, Сарбалин Нұрхат-4сынып.

Оқушының жеке пәндерге деген қызығушылығының артуы «Бастауыш сыныптарының апталығын» өткізу барысында жасаған өздік жұмыстарынан көрінді. Оқушы шығармашылығын арттыруға пән үйірмелерінің әсері зор болды.

Нақты ғылымдар бірлестік құрамында 7 мұғалім, оның ішінде I-категория-1 мұғалім, еңбек өтілі 33 жылдан астам, 3 мұғалім II-категория-еңбек өтілдері 20 жылдан 15 жылдан және 5 жылдан астам. 3 жас маман.

Жоспар бойынша 5 әдістемелік отырыс өтті.



Үлгерім сапасының өсу динамикасы бар, салыстыра келгенде ең төменгі көрсеткіш 40% геометрия пәнінен, ең жоғарғы көрсеткіш 83% биология пәнінен.

Математика пәні бойынша 6 сыныпта «Теңдеулер шешу тәсілдері» тақырыбы бойынша, 8 сыныпта «Виет теоремасы» тақырыбы бойынша, 9 сыныпта «Арифметикалық және геометриялық прогрессия» тақырыбы, және геометрия пәнінен «Шеңберге іштей сызылған бұрыштар» тақырыптары бойынша ашық сабақтар өткізілді.

Сызу, технология пәнінің мұғалімі Ахметбеков Аманолла Рахметоллаұлы өз апталығында Ұлы Отан соғысына орай суреттер көрмесін өткізді, ардагерлер тарихына буклеттер көрмесін ұйымдастырды.

Жас мамандармен жұмыс барысы жоспар бойынша орындалып отырды олармен журнал бойынша, сабақ жоспарларын жүргізу, күнтізбелік жоспарлар жасау бойынша тағы басқа жұмыстар жасалды.

Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен әр пәннен қосымша сабақтар жүргізіліп отырды.

Қорыта келгенде, бағдарлама бойынша әр пәннен мемлекеттік стандарт талабына сай сабақтар өткізілді, сабақтар саны бағдарламаның орындалуы

арнайы бекітілген күнтізбелік жоспар бойынша орындалды. Кесте бойынша көшіру емтиханы және мемлекеттік емтихандар өткізілді.

Әдістемелік бірлестік бойынша әр пән мұғалімі интер белсенді тақтамен жұмыс жасау барысын жандандыру және жаңа технология элементтерін сабақтарында шығармашылықпен жүзеге асыру. Жас мамандармен әр түрлі іс-шаралар өткізу.

Қоғамдық-гуманитарлық бірлестік құрамында 5 мұғалім болды. Жоспар бойынша іс-шаралар өткізіліп отырды. Жоспар бойынша отырыстар болып отырды. Бірлестік құрамы үнемі дарынды оқушыларға арнайы жоспарлар дайыдап, үнемі ізденіс үстінде болды.

Пән апталықтары. Мектепте пән апталықтары дәстүрлі түрде өткізіледі. 2020-2021 оқу жылында пән апталықтары жүйелі, қызықты әрі тартымды өтті. Әсіресе, бастауыш сынып, қазақ тілі және әдебиет, биология апталықтары мазмұнды өтті. «Бастауышым-балбұлағым, лаулап жансын шамшырағым» атты тақырыппен өтілді. Оқушылар белсене қатысты.

Мұғалімдердің жетістіктері. Мұғалімдердің арасына келетін болсақ, Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Баужанова Динара Касеновна үстел теннисінен 1-орынды иеленді. Ибраева Асель Жумабаевна мектеп ішінде семинар өткізіп, өзінің тәжірибесімен бөлісті.

Мұғалімдер арасында аудандық пән олимпиадасына төрт мұғалім қатысып, бір мұғалім орынға иеленді. Физика пәнінің мұғалімі - 2-ші орынды алды. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ибраева Асель Жумабаевна аудандық «Жыл мұғалімі» конкурсына қатысып, 3-ші орынды иеленді. 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда биыл мектебімізде біршама мұғалімдердің жетістіктері байқалды.

Алдағы уақытта парасатты, ар – ожданы мол, еңбекқор, іскер, егеменді еліміздің ертеңін нұрлы етер барыс текті намысты ұрпақ тәрбиелеу.

Осы және басқа да көптеген тәрбие бағыттарын іске асыру мақсатында мектеп ұжымы жыл басынан түрлі іс – шаралар өткізді.

Биылғы 2020 – 2021 оқу жылында мектебіміздің тәрбие жұмысы жыл басында бекітілген жоспар бойынша жүргізілді.

Жоспарда көрсетілген іс – шаралар белгіленген уақытында жоғары деңгейде өтті. Сынып жетекшілері өз жоспарлары бойынша түрлі тақырыпта, тәрбиелік мәні зор сынып сағаттарын өткізді. Оқушылардың шығармашылығын дамыту, айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлға қалыптастыру мұғалімдердің алдына қойған басты мақсаты, осы орайда сабақ үрдісінде жаңа технологияларды енгізу білім беру мен тәрбиелеуде оқушылардың шығармашылығын арттырып, жауапкершілігін қалыптастыруға негіздеу. Жаңаша жұмыс істеу үшін мұғалім жан-жақты білімді, педагогика мен психология ғылымын жетік меңгеріп сабақ құрудың және өткізудің диалектикалық ыңғайын тауып жаңарған техника мен икемді технологияны пайдалана білу керек.

Бүгінгі таңда мектебіміз бойынша білім беру процесін жаңаша құрып, дәстүрлі сабақтардан бас тартып, қалыптан тыс сабақтарды өткізу дағдыға айналған және білім сапасын көтеруге бағытталған қажуды болдырмау, үнемі

оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, қызығушылығын ояту мақсатында жаңа әдіс-тәсілдер технологиялар кеңінен қолданылады.

3.Мектеп ұжымының мемлекеттік білім стандарттарының орындалуында және оқу – тәрбие үрдісін жетілдіруде іс-әрекетті ұйымдастыруы.

Мектептің оқу жұмыс жоспары негізінде Кеңес негізгі жалпы білім беру мектебінде оқу жылының аяқталуына байланысты мұғалімдерден оқу бағдарламаларының орындалуы тексерілді. Мұғалімдердің барлық құжаттары тексеріліп, бағдарлама саны тексерілді. Оқушылар дарындылығын дамыту жөнінде атқарылған жұмыстар:

Оқушылардың жетістіктері:

Мектеп оқушылары жыл сайын аудан, облыс көлемінде түрлі сайыстарға, байқауларға, олимпиадаларға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Биыл мектебімізден 2 оқушы аудандық пән олимпиадасына қатысты. -сынып оқушысы Сонымен қатар Шакенов Балабек Махамбет оқуларынан аудан көлемінде «Ел құтқарар ер едім» номинациясынан екінші орынды иеленді. «Зерде» аудандық байқауына Жунусов Марат және Нурахметова Диляра қатысып, үшінші орынға ие болды. Жунусов Марат облысқа жолдама алды. Капарова Алмагүл Мәшһүр-Жүсіп оқуларына қатысып, ауданнан бірінші орын алса, облыстан үшінші орынды қанжығасына байлап келді. 1-сынып оқушылары Молдахметова Әйгерім мен Сарбалин Нұрхат аудандық «Зерде» шығармашылық сайысына қатысып, екінші орынды иеленді. Сондай-ақ, мектеп оқушылары түрлі спорттық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру. Мектепте сыныптан тыс іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіледі. Оқушылардың құқықбұзушылық әрекеттерінің алдын алу мақсатында аға тәлімгер най әр түрлі іс-шараларды өткізді.

Тәрбие жұмысының мақсаты: -Дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдени

Мектепішілік іс – шаралар, атаулы күндер, мерекелерге арналған іс – шаралар тиянақты дайындықпен, оқушылардың қызыға қатысуымен табысты өтеді.

Сол шаралардың бірәзін, бәрімізге ортақ қуаныш болғандықтан, мақтанышпен атап кеткім келеді

Қарттар күніне «Қарттарым, асыл қазынам» атты дөңгелек үстел болды. «Қош келдің-Өз Наурыз» атты тәрбиелік мәні зор мереке оқушылардың, ата-аналардың көңілінен шықты. «Ардагерлерді ардақтайық» атты буклеттер сайысы өте тартымды өткізілді.

Патриоттық тәрбие беру мақсатында тәуелсіздік күні аталып өтті. 1-мамыр күні салтанатты шеру өткізілді. Мектепте жыл бойы атаулы апталықтар өз деңгейінде өтілді. Тоқсан сайын мектепте денсаулық күні аталып өтіледі.

Жазғы уақытта 2 ауысыммен сауықтыру алаңы жұмыс жасайды. Көп балалы, мұқтажы нашар, ата-ансының қамқорлығынсыз қалған оқушылар қамтылған.

Мектепте тоқсан сайын ата-аналар жиналысы болып өтіледі. Жиналысқа ата-аналардың 100 пайызы қатысады.

Аудан білім беру бұйрығының негізінде оқушылардың көшіру және мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстары жүргізілді. Кесте бойынша

қосымша сабақтар өтілді. Әр сынып бір ауызша және бір жазбаша пәннен емтихан тапсырды. 9-сынып оқушылар мемлекеттік емтиханда төртінші пәнді өз өтініштерінің негізінде таңдады.

Үлгермейтін оқушылармен түзету жұмыстарының жүргізілу деңгейі бақылау іс-шаралары арқылы оқу процесінде де және түстен кейінгі уақытта да жүргізілді. Нашар оқитын және үлгере алмайтын оқушылармен пән мұғалімдері жүйелі түрде жұмыс жасады. Өзара көмек түрлерін ұсынудан аянбады. Олармен жеке-дара жұмыс жасалынды.

Мектептегі үйірмелер мен секциялар.

Мектепте «Пішіндер», «Жас дарын», «Шебер қол», Жас информатик» үйірмелері, «Тоғызқұмалақ», «Шаңғы», «Футзал», «Үстел теннисі», «Баскетбол» спорттық секциялары жұмыс істейді. Түстен кейінгі уақытта оқушылар арнайы курстарға, спорт секцияларға және үйірмелерге қатысып тұрады.

Медициналық қызмет көрсету. Мектепте лицензиясы бар медициналық кабинет жұмыс істейді, мектеп медбикесі Алибекова Тұрсынай Әлтаевна Айтмухамбетовна оқушыларға қызмет көрсетеді. Медбикенің негізгі міндеті- оқушылардың дамуын және денсаулығын бақылау, гигиеналық, санитарлық-эпидемияға қарсы және емдеу іс-шараларын өткізу болып табылады. 2018-2019 оқу жылының аяғында мектеп оқушылары медициналық байқаудан өтті. Сонымен қатар аудандық аурухана тіс дәрігерінің қабылдауын ұйымдастырды. Тексерістен өту барысында төмендегі балалардың диагноздары анықталды.

№	Оқушының аты-жөні	Сынып	Диагноз
1	Бұхарбай Думан	9	лорға бағыттама
2	Самат Мухамеди	8	ЭКГ тексеру
3	Курманова Амина	9	лорға бағыттама

2020-2021 оқу жылында мектептегі ғимарат ішіндегі, күнделікті және мереке күндері, іс-шаралар өткізу барысында қауіпсіздікті сақтау мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Смагулова Айнұр Мақсұтовна қадағалап отырды. Жыл бойы мектепте орнатылған өрт сигнализациясы жұмыс істейді. Жоспар бойынша өрт кезінде өзін-өзі ұстау, эвакуациялау жаттығулары мен оқулары жүргізіледі. Жалпы оқу мекемесінде, оқу кабинеттерінде санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелер сақтау бойынша бақылау жүргізіледі. Тексеріс нәтижесінде кабинеттерде ережелер сақталады. СЭС, өрт қауіпсіздігі сақтау мекемелерінің нұсқаулықтары уақытында орындалады.

5. Педагогикалық ұжымның тәрбие жұмысының нәтижелілігін жақсартудағы іс-әрекетті ұйымдастыруы.

Құрастырылған жоспар бойынша құқық бұзушылықты болдырмау іс-шаралары қарастырылды. «Құқық тәртібінің міндеті» оқулары ұйымдастырылды. «Құқық» бұрышы жасалынды. Үнемі құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізіліп, алдын алу іс-әрекеттері қарастырылды.

Тәрбиелік жұмыс. Тәрбиелік жұмыс он екі бағыт негізінде ұйымдастырылды. Жоспар бойынша әр түрлі іс-шаралар өтілді. «Тұғыры биік туған тіл» сынып